



БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бөбек Kids» жеке бөбекжайының
менгерушісі Г.М.Айткалиева

28.08.2023 жылы бөбекжайда өткен
№1 педагогикалық кеңес шешімімен келісілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу
жылына «Айналайын» кіші тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Меңдіғалиева Ж.Н
Ишанова А.Е

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын»жіші тобы

Балалардыңжасы_2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс қайталап айтуға үйрету. Ойыншықатауларын білдіретінзат есімдерімен байыту. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдану, сөз тіркестерін құра біліуге үйрету. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануға үйрету. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.Дұрыс отыру, қағазды умаждамау әдістерін үйрету. Тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
Мүсіндеу	Балалардың ермексаздың және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Еліктеу сөздерін, қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және сөйлеу кезінде тыныс алуына ықпал ету. Киім, аяқкиім атауларын білдіретін зат есімдерімен байыту. Ересектердің сөзін түсінуге шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беруге үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды халық әндерін тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды өлшемі, пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді қарау, тигізу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді допты домалату, машинаны итеру, орындауға баулу. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) ажыратуға үйрету. Өлі табиғат (құрғақ, ылғал құм) және олармен әрекет ету түрлері (құм тасу, төгу, жинау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауға үйрету.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы сурет салу.
Мүсіндеу	Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту
Жапсыру	Балаларға қағазды жырту және оларды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал етуді дамыту. Ыдыс жиһаз атауларын білдіретін зат есімдерімен байыту. Неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларды ертегілерді тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Сыртқы белгілері бойынша жемістерді (алма, алмұрт) ажырату үйрету. Өлі табиғат (домалақ, қатты тас) және олармен әрекет ету түрлері (жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсінуге мүмкіндік беру.
Сурет салу	Дөңгелек тәрізді заттарды бейнелеу. Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.Жұмысты ұқыпты жасау.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен кесектерден бөліп алу,оларды біртұтас етіп біріктіру) үйрету.
Жапсыру	Балаларға қағазды бүктеу және оларды желімсіз жапсыру тәсілдерін үйрету.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударуға үйрету. Көгөніс пен жеміс атауларын білдіретін зат есімдерімен байыту. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істейді?»
Көркем әдебиет	Оқып беруді үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу.
Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру мен іріктеуді жетілдіру. Көз бен қолдың сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қолды дымкыл шүберекпен сүрту.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарауға үйрету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өлі табиғат (суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (қарды домалату, лақтыру) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды дамыту.
Сурет салу	Толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
Құрастыру	Құрылыс масштабна сәйкес сюжеттік ойыншықтарды ойнауға мүмкіндік беру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Ұй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын атауларын білдіретін зат есімдерімен байыту. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есімнен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды дамыту. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
Көркем әдебиет	Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Мүсіндеу	Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруге үйрету. Дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (шаршыда) құрастыруға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Ұй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуге дамыту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Көлік құралдарын білдіретін зат есімдердің сөздік қорын қалыптастыруды дамыту. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім+ зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпшестүрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.
Көркем әдебиет	Балаларға таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Мүсіндеу	Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: тостағанды мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруге үйрету.
Жапсыру	Балаларға кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Аңдармен (аю, қасқыр, қоян) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуге дамыту. Өлі табиғат (жылы, суық су) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, төгу) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнауды үйрету.
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөлеуді дамыту	Жеке бас гигиенасы атауларын білдіретін зат есімдерімен байыту. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін етістіктермен сөздік қорын дамыту. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
Сенсорика	Заттардың санын ажырату(біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Мүсіндеу	Қарапайым пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруге үйрету.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді құрастыруға, ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін жеңіл жүргізу. Түстерді ажырату және оларды дұрыс атауға үйрету.
Құрастыру	Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады;

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі:сәуір айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, режу) білдіретін етістіктермен сөздік қорын дамыту. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.
Көркем әдебиет	Оқып беруді суреттерді көрсетумен сүйемелдеу.
Сенсорика	Заттарды түсі бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру, қуыршаққа арналған әшекей білезікті мүсіндеу, заттардың ұқсастығын табу.
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды,машиналарды, үйлерді орналастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуды дамыту. Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.Өлі табиғат (жылы, суық су) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, төгу) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнауды үйрету.
Сурет салу	Тік сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.Өзінің салған суретіне қуана білу, онда не бейнеленгенін айту.
Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

Білім беру ұйымы «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ «Айналайын» кіші тобы

Балалардың жасы 2жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету.
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Сенсорика	Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	Күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру, қуыршаққа арналған әшекейлер жүзік пен қолсағатты мүсіндеу, заттардың ұқсастығын табу. Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
Жапсыру	Фланелеграфта доптарды, шарларды, гүлдерді, орналастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдауды дамыту. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды дамыту. жасау.
Сурет салу	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеуге үйрету.
Құрастыру	Өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады.